

9 сынып
I ТУР
Эссе жазу

1. «Ботагөз» – заман шындығын шеберлікпен суреттеген роман.
2. М.Әуезовтің әңгімелеріндегі әйел тағдыры.
3. «Жалынды жастар – жарқын болашақ».

Жазбаша жұмыс - эссе	120 минут
<p>Оқушылар берілген үш тақырыптың ішінен 1-еуін таңдайды. Ол тапсырмалар 50 ұпаймен бағаланады. Әр тапсырманың жауабы үшін бірдей сандағы балдар беріледі. Оқушылар өздері таңдаған тақырып бойынша құрамы 250-300 сөзден тұратын эссе жазады. Олимпиада оқушылардың таңдаған тақырыптарына сәйкес жүйелі және сенімді түрде аргументтер/қарсы аргументтер келтіру немесе әдеби білімдерін қолдана отырып эссе жаза алу қабілеттерін бағалайды.</p> <p>Оқушылар шимай парақты қолдана алады. Шимай парақты оқушы жұмыспен бірге тапсырады, бірақ тексерілмейді.</p>	

Эссені бағалау (50 ұпай)

Критерий	Дескрипторлар	Ұпай
Эссе мазмұны	Эссе тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі	10
Құрылымы	Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі	10
Аргументтер	Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы	10
Тіл шеберлігі	Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген пікір немесе сауал туындауына ықпал ету, пікірдің шынайылығы	10
Тілдік сауаттылығы	Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы	10
Барлығы		50 ұпай